

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне дәрілік заттар айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1411

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне дәрілік заттар айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дәрілік заттар айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 ж., 17 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 3-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 3, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжаттар; N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат):

9-баптағы 1-тармақтың 28)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"28) дәрілік заттарды өндіру, дайындау, көтерме, бөлшек саудасы;"

2. "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 ж., 19 мамырдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 10, 109-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; 1998 ж., N 24, 434-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; 1999 ж., N 23, 927-құжат; 2002 ж., N 671-құжат) :

1) 5-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:
"дәрілік заттарға нормаларды, дәрілік заттардың жіктемесін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясын бекітеді;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде тегін дәрілік көмек көрсетуге арналған негізгі дәрілік заттардың тізімін бекітеді;

дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеуді, тіркеуді және нормативтік құжатта көрсетілмеген адамдардың денсаулығына қауіпті жанама әсерлері анықталған жағдайда мемлекеттік тіркеу туралы шешімін қайтарып алудың тәртібін белгілейді.";

2) 34-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Дәрілік заттар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган және оның аумақтық органдарының фармацевтикалық қызметпен айналысуға берген лицензиясы бар дәрілік заттар айналымының субъектілері белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткен дәрілік заттарды Қазақстан Республикасының сәйкестік сертификаты болған жағдайда сатуға құқылы.

3. Дәрілік заттардың фармацевтикалық қызметіне мемлекеттік қадағалау, қауіпсіздігіне, тиімділігі мен сапасына бақылауды дәрілік заттар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мен оның аумақтық органдары жүзеге асырады." ;

3) 42-баптың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
"негізгі дәрілік заттарды өндіру мен сатып алуды ұйымдастыруды".

Қазақстан Республикасының

Президенті